

егемен

Гебекчич

ТӘҮЕКЕЛ

(ессе)

Көк сарайдың қак төрінде бойын тік ұстап қасқайып отырған қапсағай денелі, кең мандайы жарқырап, ашық жүзі ойға шомған Ыдырыс ад-Дәулі Рустани сұлтан алдына келіп жығылған екі жауашыға назар да салған жоқ. Ол көптен бері өз ойымен өзі болып үнсіз қалған. Қабылдауында отырған уәзірлері мен сарай қызыметкерлері томсырайып көздерін сарайдың еденінен алмай бастарын төмен салып кетіпті.

– Тұрындар! – деп бұйырды Ыдырыс сұлтан. – Әл-Фараби қайда?..

Орындарынан атып тұрған жауашы жігіттер әміршінің не дегенін толық ести алмай қалып еді. Бес күн, бес түн ат ауыстырып шабудан талмаған қос жауашы әбден шаршап-шалдықкан болатын. Олардың «біз білмедік» дегеннен басқа айттар жауаптары жоқ екенін аңғарған сұлтанның егде тартқан уәзірі ілгері жылжып:

– Мен сөйлейін, тақсыр... – деді.

– Саған да кезек келер, – деді сұлтан оған жақтырмай қарап. – Сөйле, жауашы!..

– Ұстаз үйінде, мәртебелі әміршім!..

– Неге менің алдында емес?..

– Оны білмедік!? – деді орта жастағы алпауыт жауашы жігіт.

– Кім біледі?..

Ешкім үндеғен жоқ.

– Әл-Фараби менің шақыруыма не жауап берді?.. Соны айтындар... – Сұлтан дауысын көтерді.

Жаушылар тағы да үнсіз қалған.

– Алтынмен аттап, құміспен күптеімін, тек менің сұлтандығымның байрағының астында болсын дегенімді дұрыстап жеткіздіндер ме?.. – деді әмірші.

– Жеткіздік, тақсыр ием.

– Сонда Ұстаз не деді?..

Жауашы жігіт жауап қата алмай бөгеле берді.

– Сөйле! – деп бұйырды сұлтан. Дауысында енді зіл бар еді.

– Мені парсы да, йахуди де, араб та, өзімнің түркітекtes сұлтандарым да байрактарының астына шақырған. Бармадым. Мен ешқашан ешкімнің қол астына тығылып жан сақтауды ойлаған емеспін. Сұлтанның ниетіне алғысымды жеткізіндер. Тәнір разы болсын!.. Ұстаздың айтқан сөзі осы, тақсыр ием... – деп бөгелді жауашы жігіт.

- Сыйымды қабыл алды ма?..
- Алтыныңызды кері қайтарды. – Жауши жігіт өгіз терісінен тігілген қомақты қоржынды иығынан алып жерге қойды.
- Алтыннан неге бас тартты?!. – Сұлтанның дауысы енді ызғарлы шықты.

Жаушылар үнсіз.

- Сөйле!.. Жауши, сөйле!..

Сөз ұстаған алпауыт жауши жігіт тайсалмастан:

- Бостандық ақшага сатылмайды... – деді Ұстаз, сұлтан ием...
- Бостандықпен ол не істемек сонда?..
- Тәнірі сүйген адам ақшага да, билікке де қызықпайды, – деді Ұстаз.
- Енді неге қызығады?
- Еш нәрсеге... Тек Тәнірге жалбарынып жан суарады деді.
- Маған тағы не сәлем айтты?.. – Ідірыс сұлтанның ақшыл жүзі түнеріңкі тарта берген.

Жауши жігіт жеткірініп алып, байсалды даусымен сөз бастады. Бұл терен сөз еді. Терен сөзді жеткізуге ерікті көніл әм ер жүрек керек еді.

- Сұлтанға мына сөзімді жеткізіндер – деді ұлы Ұстаз, әмірші ием... – деп бөгелді жауши жігіт. – Өмірімнің көбі өтіп, азы қалған тұста, қыярға көшіп, жалғыздық деген жалмауызға жалбарынып жапа-жалғыз жатып өмірімнің мәні болған еңбектерімді аяқтамақпын. Тәнірден соны тілегем. Тәнірім тілеуімді берер тұста, күндік тірлігіне бір дирхемді жеткізсөн тілеуінді берейін, деді. Мен келістім. Тәнірім тілеуімді берді. Ідірыс сұлтанның сөз төркінін ұғатынын маған жазған хатынан таныдым. Ал керісінше, сөзімді ұқпаса, – жауши жігіт бөгеле берді. – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлак әл-Фараби әт-Тұрки үшін Тәнірден тілеу тілесін! Сұлтаның менің айтқанымды істесе Тәнір оған да жол сілтер. Сұлтанның ісін баянды қылуын Тәнірден мен де тілеп жүрермін. Осы сөзімді жеткізіндер. Қалғаны Тәнірдің қолында. Сұлтанның ықыласында.

Жауши жігіт басын төмен салды.

- Бара беріндер!.. – деді сұлтан. Екі жауши жігіт шегінген күйде есікке беттеді.

Сарбаздар соңдарынан ерді. Ақылшы, кенесші уәзірлері сұлтанның бұйрығын күтіп бөгелген еді, әмірші оларға да қолын сермеді.

Кең сарайда сұлтан жалғыз қалған.

Әл-Фарабидің жауабы оны тығырыққа әкеп тіреп тастанап еді.

Әкесі Бекзат сұлтан әл-Фарабидің «Мемлекет басшысының нақыл сөздері» деген кітабын басына жастанап оқығанын көзімен көрді. Әкесі әл-Фарабиді ардақ тұтты. Бірақ ұзак

ғұмырында Ұстазбен бірде-бір рет дастарқандас бола алмапты. Сол өмірінің өкініші болып етті. Әл-Фарабидей ғұламаға қоятын сұрактарым көп деуші еді. Ол кезде жас сұлтанның жанын еш сұрақ қинамайтын. Ал қазір бұны да жауабы жоқ көп сауалдар қинайды. Ұзак түндерді ұйқысыз өткізеді. Терен өзеннің ағысына қарап күн кешеді. Қалың ормандай сұрактар жанына бұғалық болып бұралған, жанды жеген. Тәнді әлсіреткен. Соナン да ұлы Ұстаздың қасында болуын қалаған ІІдырыс сұлтан Ұстаздың басына еңсесі биік үй салдырып, жәй-күйін жөндеп ерекше ырысты жағдай түзегісі келген еді. Ол Шығыстың ұлы Ұстазын әркім де қасында ұстағысы келетінін білетін. Солардың алдын алғысы келген. Бірақ бұл көріпкел ниеті болар емес.

Уақыт-тенізде еркін жүзуді қалаған әл-Фараби басына байлық емес, бостандық тілепті, ат басындаі алтынды емес, жезден соғылған дирхемді таңдалты. Бір күніме бір дирхем жетеді дейді. Соны қанағат тұтамын дейді. Бұл қасиеті тәуекел еді. Тәнірге табынған адамның сөзі еді. Тәнірдей бұ дүниенің де, о дүниенің де ризығын қатар тілеген иманды сөз болатын. Тәнір оған тілеуін беріпті.

Жер-ананың құшағынан патшалар кеткенде, олардың алтын, күміс табақтары қоса кетеді. Өкінішке қарай, патшалар өздерін өлмейтіндей, алтын көзелері де мәңгі қолдарынан түспейтіндей көреді. Көніл қартаймайды деген осы. Бұл Жер-ананың билік еткен барлық патшалардың басынан өтер трагедия болатын.

Олар бұл дүниеде мәңгі Тәнір ғана екенін естерінен шығарады. Адам-пенде мұхит толқынында көпіршіген көбік қана. Ол көбік су бетіне көтеріледі де, лезде суға шайылып жоғалады.

Қас қағым сәттік қана, фәни тірлік. Куанышы келте, қайғысы қалың тағдыр-тірлік. Адам-көбіктің өмірі бір ғана келте жолға сыйады. Ол міне:

Туды. Сүйді. Өлді. Он үш каріп. Қанқызыл құмның бетінде қалған құмырска табан қысқа жол. Қанқызыл құмда өрекілген жел тұрса құмырска табан жолдың елесі де қалмайды. Қанқызыл құм жұтқан алып кеністік үнсіз. ІІдырыс сұлтан Шығыс Ұстазының «Ақыл мен ғылым кітабын» оқыған. Адам үшін басты құндылық Ақыл мен Тәнір деп жазған сөзін жүргегіне ұялатқан. Соңғы кезде Арабия аспанының астында ұлы Ұстаздың терен ойларын оқыр, оны жүргегіне жеткізіп ұғар кісі бар ма екен деген ойға жиі берілетіні бар...

Ертеде адам-пенде пайғамбарларды пір тұтатын еді. Бара-бара пенде пайғамбарларды сыйлаудан да қалды. Өйткені, олардың сездері біреуге жан берсе, біреуді от болып өртеп түсіретін.

Пайғамбарлар дәүірі таусылған соң-ақ жер бетіне нағыз ойшылдар мен нағыз ақындар көтерілді.

Ал дәл қазір жер бетін жалған пайғамбарлар, жалған ойшылдар, жалған ақындар жайлап алған.

Нағыз пайғамбарлар, ойшылдар, ақындар ұмыт қалды. Дүние қалай-қалай шайқалады, құдай-ая!..

Ондайда пенде әлекке түседі. Ойшыл сабыр сақтайды.

Сол сабыр сактайтындардың бірі – әл-Фараби. Тәнірге табынған, ақыл иесі адамды құрметтеген ұлы Ұстаз. Ал дәл қазір жалған пайғамбарлардың, жалған ойшылдардың, жалған ақындардың заманы екеніне Үйдірыс сұлтанның көзі анық жеткен.

Сонан да жалғыздық жаңын жеген әл-Фарабиді қасына ұстап, бауырына басқысы келген. Бірақ, ол ойы іске аспайтынына көзі енді анық жетіп отыр. Шығыстың ұлы Ұстазының қалауы бостандық болыпты.

Байлық емес, билік емес, бостандық.

Байлық та – зындан.

Билік те – зындан.

Адамға керегі еркіндік екен. Сол ғана ма?.. Ана-жерде пенде өзіне не керегін білмей-ақ өтер-ау?!

Байлық пен билікке тұншығу азабын байың да, патшаң да көрге түсер тұста ғана пайымдар. Адам нені болса да кеш ұғады-ау, – деп ойлады сұлтан.

Үйдірыс сұлтан ғұламағалымның жан тебіренісін ұқты. Дәл таныды.

Өзі де толғанды.

Қайғылы ойға берілді.

Үйқысыз тұн өткізді.

Таңертең сарай адамдарын түгелдей алдына шақыртты.

– Шығыс Ұстазы әл-Фараби бостандықты қаласа, біз адамгершілікті таңдайық. Ұлы Ұстаз әр күніме бір дирхем жұмсаймын депті. Ал біз, Ұстаздың бір дирхемі ешқашан таусылmas үшін дұға оқыық. Ғалым әл-Фараби менің тілегімді қабыл алмады. Реніш жоқ. Ал біз ғалымның таңдауын құрметпен қабыл алайық. Өйткені, ғалым Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлак әл-Фараби әт-Түрки Шығыс ғылыминың алауын әлемге асқақтатқан ұлы тұлға. Ол маған терең білімімен, һәм қайыспас қайсар мінезімен ұнады. Оған кеше сіздердің де көздерініз жетті. Солай ма?..

– Жетті!.. Жетті!.. Жетті!.. – десті сарай білгіштері.

– Ұлы Ұстазды араб халифатында ұнатпайтын қалың орта бар.

– Бар... Бар... Жетеді... Дұрыс!.. Дұрыс!..

– Не үшін екенін білемісіздер?!

– Жоқ. Біз білмейміз...

– Сіз айтыңыз!.. Сіз айтыңыз!.. Сіз айтыңыз!..

– Әл-Фараби өз өмірінде адамның бақытқа жету жолдарын талмай іздеуден қайткан емес. О дүниеде бақыт болса көрер, бірақ адам Жер-ананың үстінде бақытты болуы керек. Фалымның көксегені адам бақыты. Бұл ғажайып адамгершілік ұмтылыс.

Үйдірыс сұлтанның ақиқатқа толы ойларын жүрт үйіп тыңдауда. Олар әміршінің ойлы сөздерін тосқан.

– Тәнір Жер-анаға пайғамбарларды жіберудей жіберді. Бірақ біздер оларды көре алмайтын, сезе алмайтын макұлықпыш. Біз санырау, мылқау, соқырмыз фой... Атымыз бен түйеміз бәйгеден келсе қуанамыз. Бүкіл сахараның халқын шулатып той жасаймыз. Біздің еңбек істейтін құнімізден той тойлайтын құндеріміз көп. Таусылмайтын той. Той өткен соң-ақ – таусылмайтын өкпе. Таусылмайтын қызғаныш. Таусылмайтын араздық қалың өрттей қаулай жөнеледі. Ұяттан қан-қызыл құм қызарады.

Бүгін Араб халифаты дағдарыс үстінде. Шығыста ауруын жасырган өледі деген сөз бар, сонаң да біз қашанда ақиқатқа асыгуымыз керек. Ақиқат шабан қозғалатыны туралы да ұлы Ұстаз бізді ескерткенін ұмытпайық. Әл-Фараби тірі тұрғанда Шығыс мәдениетінің оты өшпейді. Әлемді жаратқан Тәнірге һәм адам ақылына сенуді бізге сеніп тапсырған ұлы Ұстазды құрмет тұтайық! Бүгін Шығысты әлемге танытатын жалғыз ғана тұлға бар, ол – әл-Фараби. Тәнір соны қолдасын! Бізге дауа тауфық берсін. Тәнірден ұзак ғұмыр тілемейік. Ол ессіздік болар. Тәнір сені құнеларын үшін ұмытып ұзак жолда жалғыз қалдырса азап шекпеймісін? Олай болса, Тәнірдің бізді ұмытпауын тілейік. Тәнір біздің рухымызды уақытында өзіне қайтарсын. Ал біз Шығыс даналарының енбектерінің мәнгі жасауын тілейік.

Жеті күн өткен соң жауши жігіттер Үйдірыс сұлтанның отты сөзін Дамаскіге жеткізді.

Отыз жеті күн өткен соң Дамаскіден шыққан атақты саудагер Әбу Мәлік керуені Әбу Насыр әл-Фарабидің сөзін түйенің қомына, аттың жалына жауып, шешеннің тіліне орап, бүкіл араб сахарасына, парсы тауларына, ұнді орманына, қытай жазығына, ұлы Ұстаздың Отаны Дешті-Қыпшақ даласына жеткізді.

Сол сөз, міне!

Құс қанаты майырылмауға, адам ақылы тозбауға жазсын! Ғұламасын, ерін, өжет ұлдары мен қыздарын қадірлеген ұлт ешқашан Жер-ананың төсінен жоғалып, құрып кетпеуге жазсын! Атамекенің болашағын терең ойлап, Отаны үшін жанын садақаға салған асылдары түгесілмесін! Патшалар азбауға, әулиелер алжымауға, қызметкерлер баукеспе ұрыларға айналмауға жазсын! Мен елімді де сүйдім. Жерімді де сүйдім. Отаннан қымбат дүние жоқ. Отан адам жанынан да қымбат екен. Соңан туған елдің тұтіні тұзу ұшуы үшін, хас батырлар Отанның бақытын көздел ары мен намысы үшін жандарын қиган.

Туған Отырарын есіне түсіріп, көнілі қобалжыды. Қекейін тескен зарлы жыр жолдары төгілді.

Сол жыр, міне!..

Кашықтасын, туған жер – қалың елім,

Небір жүйрік болдырып жарау деген.

Шаршадым мен, қанатым талды менің,

Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,

Қасіреттің жасына көз жуынар.

О, Жаратқан, көп неткен ақымағын,

Күм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялыш аз бір тұтам тіршілікте,

Әкімдікке күллісі жүгіреді.

Көкірекпен сезініп, күрсінші көп,

Жаным менің түршігіп, тұніледі.

Жер жаһанды Арабияның қанқызыл құмындай сырғанаған жалған сөз билеп бара жатты.
Адалдың аузына құм құйылды, арамның араны ашылды. Адал арамға, арам адалға
тенелді.

Аспан айналып жерге тұсті.

Күн тұтылды.

Жер-ана күніренді.

Жанар таулар атқылады.

Тәңіз жағасынан асып-тасқан топан суды Жер-ана жұтып жатты.

Тәңір ғана үндеғен жоқ.

Мен де үнсізбін.

Тәңір Жер-анаға қайтып пайғамбарлар тұсірмейді. Пенде соқырға, санырауға, мылқауға
айналып болған. Жер-ананың Тәңір енді өзінің ақ туын тұсіреді. Соқыр көретін, санырау
еститін, мылқау сөйлейтін болады.

Ағарған ақ аспанның қақ төріндегі аппақ күн қанқызыл құммен шағылышады. Аппақ
күннің астында тас-талқан болған қызыл тақыр көлбей жатыр.

Сол қанқызыл тақыр үстінде үнсіздік орнаған. Сол қанқызыл тақырды таптап маңғаз түйе
керуені қозғалады. Олар асқақ түрік ғалымының құнсыз енбектерін Бағдадтан алғып
Египеттің, Сирияның, Палестинаның, Константинопольдің, Испанияның, Ливияның,
Эфиопияның кітапханаларына апара жатыр. Енді Шығыстың кітап сақтайтын барлық
қоймаларында бұл қолжазбалар құрметпен сақталатын болады.

Жер-ананың тіріде данышпандары жоғалмайды. Кәдімгі адамдардың игілікті, рахымды
істері де жер бетінен жоғалып кетпейді.

Жүргінді Тәнірдің сөзімен суар да, Тәнірмен бірге болуға ұмтыл. Жер-ананың қасиет-кадірін таны, Жер-ана тірегің екенін ұқ!

Әл-Фараби бабамның ұлы енбектері елінің есінде мәнгі сакталсын, әм ұрпақтан ұрпаққа қасиетті сөздері қазақ ұлтының өлмес белгісіндей санада бекуге жазсын!

Ал Тәнірім тәрбиелеген адам ұлы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлак әл-Фараби әт-Түрки мәнгі ғұлама! Сен соны жадыңнан шығарып алып жүрме, қазақ ұланы.

Алпыс сегіз жыл бойы қара жерді таптап жүріп, бүгін ғана ұлы ұстаздың терең ойларына бойлай еніп жаны жадыраған, замандар толқынында бабамыздың сөздерінің мәні мен мәнісінің шатасып кетпеуін, әр кесек ойынның қалтарысына сәуле түсіріп, сол ойды анық ұғуға жан салып Ұстаздың рухына барша мейіріммен бас иген.